

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТАРАЗ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ҒҰРЫПТЫҚ ҒИМАРАТТАР КЕШЕНІ

Сан ғасырлық тарихы бар ортағасырлық Тараз қаласының тарихын зерттеу – соңғы жылдары отандық тарихшыларымыз бен археологтарымыздың үлкен қызығушылығын тудырып келеді.

Кеңес үкіметі жылдары қазіргі Тараз қаласының орнында бірқатар кешенді археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп, қаланың нақты орны мен көлемі, ондағы мәдени қабаттардың саны мен сақталу деңгейі анықталған болатын. Ортағасырлық Тараз қаласының тарихын көптеген тарихшы археолог ғалымдар өз еңбек-терінде жан-жақты зерттеп, ол бойынша бірнеше еңбектер мен монографиялардың туындауына себеп болды. Бұл еңбектердегі зерттеулерде ортағасырлық Тараз қаласының пайда болу кезе-нінен бастап ХХ ғ. соңғы жылдарына дейінгі аралықтағы тарихы жайлы көптеген мағлұматтар жарық көрген. Сонымен қатар, ортағасырлық Тараз қаласы мен оған серіктес қалалардың архитектурасы мен қолөнері және діни, саяси, әлеуметтік мәселелеріне қатысты бірқатар

мәліметтерді кездестіреміз.

Тараз қаласындағы соңғы жылдары жүргізілген (2006–2008 жж.) археологиялық ғылыми-зерттеулердің нәтижесінде, қала тарихы мен архитектурасынан сыр шертетін бірқатар ғұрыптық кешенді ғимарат орындарының табылуы, қала тарихына қатысты кейбір мағлұматтарды нақтылай түседі. 2006 жылдың далалық маусымында басталған ортағасырлық Тараз қаласының батыс рабад бөлігіндегі, Қарахан кесенесінен 110 м солтүстік шығыста орналасқан көлемі 55x27x3 м болатын төбеге жүргізілген кешенді қазба жұмыстары, 2008 жылдың далалық маусымында толығымен аяқталды.

Археологиялық ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижесінде пайда болу кезеңі VII–VIII ғғ. мен XIII ғ. аралығына дейін өмір сүрген екі ғұрыптық ғимараттың орны анықталды. Ғимараттар шамамен VII ғ. соңғы ширегі мен VIII ғ. басында бір мезгілде бір-біріне қатар орналастыра салынған. Жалпы

көлемі С–О бағытында 55x27 м шаршыға орналасқан екі ғимараттың да негізгі қабыр-ғалары кам кірпіштерден тұрғызылған. Зерттеу барысы көрсеткендей, бұл ғимараттардың бірі VII–XII ғғ. аралығында өмір сүрген, X ғ. несториандық христиан шіркеулерінен қайта жасақталған исламдық мешіттердің бірінің орны екен-дігі дәлелденсе, мешіттің солтүстік қасбетіне қарама-қарсы орналасқан екінші ғимарат VII–XIII ғғ. аралығында өмір сүрген, уақыт ағымымен бірнеше рет қайта жасақталған зооастризм ошақтарының бірі болған ғұрыптық ғимараттардың біріне жататындығы анықталды. Бұл ғимараттардың қаланың рабад бөлігіне орналастырылуы, ортағасырлық Тараз қаласының өз заманындағы ірі әлеуметтік-әкімшілік басқару орталықтарының бірі болғандығын дәлелдей түседі. Бұл тұрғыдағы ғұрыптық ғимараттардың ортағасырлық Тараз қаласында кездесетіндігі жайлы бізге дейінгі археолог ғалымдардың еңбектерінде кездеседі. С. П. Толстов, М. Е. Массон, А. Х. Мар-ғұлан, К. А. Ақышев, К. М. Байпаков сынды археологтардың бірқатар еңбектерін қорытындылай және өзінің кешенді зерттеулерін жүргізген Т. Н. Сенигова Тараз қаласының тарихында X ғ. өзінде-ақ исламдық мешіттерге қайта жасақталған несториандық үлгідегі христиан шіркеулерінің болғандығын айтады¹. В. В. Бартольд бұл тарихи оқиғаның нақты 893–894 жж. аралығында сасанидтердің Таразды жаулап алуымен байланысты болғандығын баяндайды². К. М. Байпаков бұл аймақтағы ғұрыптық ескерткіштерді саралай келе мұндағы кең таралған діндер (VI–IX ғғ.) зооастризм, буддизм және несториандық-христиан діні екендігіне тоқталады³.

Қазба жұмыстарының нәтижесінде аршылған ғұрыптық ғимараттардың екеуі де әлемнің төрт шартарабына нақты бағытталып салынған. Екі ғимараттың да алғашқы құрылыс материалдары ретінде 44x22x9 см кам кірпіштер пайдаланылған. Кесектер бір-біріне тығыз иленген лаймен біріктіріліп, аса шеберлікпен жапсарбастана қаланған. Уақыт өте қайта жөнделген тұстарында пахса блоктары қолданылған. Сонымен қатар, екі ғимаратқа да ортақ қасиет екеуінің бір кезең аралығында архитектуралық қайта жасақталуы. Ғимараттар ортағасырлардың өзінде-ақ қала архитектурасының жалпы жо-


басына лайықталып, рабад пен шахристан аралығын жалғайтын негізгі тас жолдардың бірінің қиылысына салынған. Тас жолдардың біріне жүргізілген қазбадан тас жолдың үш рет қайта жөндеуден өткізіліп, ең алғаш төселген жолдың қабаты қазіргісінен 85 см те-реңдікте жатқандығын анықтады.

Кейінгі кезеңдердегі қайта жасақталу барысында ғимараттардың ішкі құрылыс бөліктері бірқатар өзгерістерге ұшырайды. Атап айтар болсақ, несториандық христиан шіркеуін, мешіт құрылысына қайта жасақтау барысында аталмыш ғимарат құрылысы көп өзгерген. Ғимараттың негізгі шығар есігі орналасқан батыс қабырғаға михраб орналасуымен, есік солтүстік қабырғадан арнайы жасалынып, ғимараттың қасбеті батыстан солтүстік бетіне ауыстырылған. Сондай-ақ ғимараттың қатты бүлінген күмбезді болып келген шатырының қайта тұрғызылуының күрделі-лігіне байланысты, шатырды жалпы саны 16 болатын тіреу бағаналарға ұстатқан. Күмбезді пилондары толығымен алынып тасталынған. Олардың тек сынық кам кірпіштер толтырылған шұңқыр іздерін ғана анықтау мүмкін болды. Қазба жұмыстары барысында бағаналардың шала жанған қалдықтары, бағана тіреу тастарының жанынан аршылып алынды. Бұл типтегі «бағаналы» мешіттер еліміздің басқа да өңірлерінде көптеп кездеседі. Мешіттің ішкі құрылысынан, күйдірілген кірпіштерден өріліп, әр қабырғада екеуден, аса дәлдікпен бір-біріне қарама қарсы орналастырылған, екі ұшты пилондарды көруге болады. Пилондар көлемі 26x13x4,5 см болатын күйдірілген кірпіштерден қаланған, қабырғадан шығып тұрған ұштары 90 см болса, пилонның жалпы ені 1,90 см-ді құрайды. Пилондардың сақталу деңгейі әртүрлі, ең биігі батыс қабырғада 9 қатар деңгейінде сақталған. Бұл пилондардың мешіт құрылысын, қайта жасақтау барысында пайда болғаны анықталды. Пилондардың салыну мақсаты мен ғимарат архитектурасындағы атқарған қызметі жайлы бірқатар болжаулар болғанымен, пилондардың нақты қызметі жұмбақ күйде қалуда. Ғимараттың мешіт құрылысына дейінгі несториандық христиан шіркеуі тұсындағы жобасы жасалынды⁴. Жобаны басқа да ұқсас нысан жобаларымен салыстыру барысында,

¹ Сенигова Т.Н. Средневековый Тараз. Алма-Ата: Наука, 1972. С. 24.

² Средняя Азия и Дальний Восток в эпоху средневековья. Средняя Азия в раннем средневековье. М.: Наука, 1999. С. 156.

³ Там же.



Ғұрыптық ғимараттардың кешендік жобасы

мұндай күмбезді шіркеулер Ақ-Бешім қалашығында VII–VIII ғғ. және Мервте V–VI ғғ. аралығында кездесетіндігі анықталды⁵. Ислам дінінің Орта Азияға енуімен оның қала архитектурасына тигізген ықпалын зерттеуге тырысқан ғалымдар, ортағасырлық қалалардың құрылымында шахрис-таннның рөлінің төмендеп, керісінше қаладағы рабад бөліктерінің күшейгендігін атап көрсетеді⁶. Бұл мәселенің ең алғаш зерттеушілердің бірі болған В. В. Бартольд: Мерв қалашығының «VII ғасырдың өзінде-ақ қала тіршілігінің орталықтануы тек «ішкі қалада» ғана емес сонымен қатар қаланың батысындағы «қалашықта» да дамыды», біртіндеп бұл «қалашық» болашақта нағыз «қалаға» айналды, – деп көрсетеді⁷. В. В. Бар-тольдтің Мервтегі және басқа да қалалардағы зерттеулерін дамытып қарастырған профессор А. Ю. Якубовскийдің, «Орта Азия қалаларының ортағасырлардағы пайда болуы мен даму теориясын» жасағандығы жайлы Б. А. Литвинский баяндайды⁸.

Салыстырмалы түрде мешітке қарама-қарсы орналасқан зооастризм ошақтарының бірі болуы мүмкін ғибадатхана құрылысынан да, ғимараттың қайта жасакталуының бірқатар іздерін анықтадық. Сонымен қатар, жалпы саны сегіз бөлме болуы мүмкін ғимараттың, үш рет қайта жасакталғандығы белгілі болды. Екі ғимараттың да ең төменгі еден деңгейінен бастап табылған қытай және түргеш теңгелері және мұнан кейінгі деңгейлерде кезең-кезеңімен сақталған артефактілер, екі ғимараттың да қайта жасакталу кезеңдері бір мезгілде жүріп отырғандығын көрсетеді. Ғимараттың шартты түрде №2 аталған бөлмеде, ғимараттың ғұрыптық ғибадатхана болғандығынан хабар беретін құрылыстар сақталған. Бөлме ішінде Дм 1,7 м биіктігі 5-6см болатын саз балшықтан жасалынған биіктік орны сақталған. Тазарту барысында биіктіктік үстінен жанған от іздері байқалды. Бөлменің қалған үш қабырғасына жағалай орналастырылған суфалар, осы

биіктікке арнайы бағытталаып орналастырылған. «От үйі» аталатын бұл секілді бөлмелер Орта Азияның зооастризм ғибадатханалары сақталған ескерткіштерде кездеседі. (Гардани Хисор қамалы, Балалык-тепе, Актепе Юнусабадский). Сонымен қатар ұқсас ескерткіштер Құйрықтөбе қалашығындағы ғибадатхана кешенінде де (VII–VIII ғғ.) кезде-седі⁹. Ғимараттың мұнан өзге бөлмелерінен де ғимараттың тұрғын үй негізінде салынбағанын байқататын құрылыс қалдықтары сақталған. Көлемі 8x6 м болатын №6 бөлме едені түгелімен тастан төселініп, тастар бөлменің солтүстік бұрышындағы бадрап шұңқырына арнайы еңіс бұрышпен отырғызылған. Бөлменің оңтүстік батыс бұрышында құдық орналастырылған. Арнайы жасакталған бұл бөлменің «тахаратхана» болғандығын аңғарамыз. Ғимараттың мешіт құрылысынан өзгешелігі, негізгі сыртқы қабырғаларының тастан қаланған іргетасының болуы. Қабырға сыртында жылдар бойы жөндеу жұмыстарынан сақталған қалыңдығы 4–5 см-ге жететін сылақ сақталған. Ғұрыптық ғимарат белгілі бір кезең аралығында өз ықпалын жоғалтып, ол тұрмыстық тұрғын жай ретінде пайдаланылған. Жоғарғы құрылыс қабаттарындағы кейбір бөлмелер ішінде сақталған тандыр ошақтар орны мен басқа да күнделікті тұрмыстық заттардың қалдықтары табылды.

Ғимараттардың қайта жасакталуын, Талас және Шу өңірлерінде VII–XII ғғ. аралығындағы өткен бірқатар тарихи оқиғалармен байланыс-тыра қарайтын болсақ, онда IX ғ. аяғы мен X ғ. басында келіп жеткен ислам діні ортағасырлық Тараз халқының діни ғұрпына ғана емес, сонымен қатар архитектуралық бейнесіне де бірқатар өзгерістер әкелгенін байқаймыз. Бұл өзгерістер сол дәуірдегі ғұрыптық ғимараттарда ғана емес, сонымен қатар кесене құрылыстарында да өз іздерін қалдырды. Қарахандар әулеті тұсынан басталатын күйдірілген кірпішті кесене құрылыс-тарына пайдалану әдісі, кейінгі ке-

⁴ *Лияс С.Р.* Ортағасырлық Тараз қаласындағы археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстары жайлы есеп 2006. Архив И. А.

⁵ *Брыкина Г.А.* Средняя Азия и Дальний Восток в эпоху средневековья Средняя Азия в раннем средневековье. М.: Наука, 1999. С. 157.

⁶ ТРУДЫ. Т. XXIX. История, археология, этнография, язык и литература. Сталинабад. 1951. С. 9.

⁷ *Литвинский Б.А.* О некоторых моментах развития средневекового города Средней Азии // Изв. Отделения общественных наук. 4. Изд-во АН Таджикской ССР. Сталинабад, 1953. С. 55.

⁸ *Литвинский Б.А.* О некоторых моментах развития средневекового города Средней Азии // Изв. Отделения общественных наук. 4. Изд-во АН Таджикской ССР. Сталинабад, 1953. С. 55.

⁹ *Байтаков К.М., Терновоя Г.А.* Религии и Культы Средневекового Казахстана (по материалам городища Куйрук-тобе). Алматы, 2005. С. 20.

зендерде белең алғанын қазіргі Қазақстан территориясындағы бірқатар кесенелер жиынтығынан байқауға болады. Олардың ең алғашқылары болып салынған XI ғ. ескерткішіне жататын Айша-биді мен Бабажа-хатун ескерткіштерінде кездесетін ою-өрнектер, өнертанушы ғалымдар тарабынан зор бағаға ие.

2007 жылдан бастап жоғарыда сөз болған ғұрыптық ғимараттардың құрылысына қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, анықталған жоба бойынша мешіт құрылысы бастапқы қалпына қайта келтірілді. Құрылыстарды қайта жаңғыртудағы басты қағида ғұрыптық ғимараттарды сақтау және оларды «ашық аспан асты мұражайына» айналдыру. Бүгінгі күні Тараз қаласындағы қайта жаңғырған ортағасырлық мешіт құрылысы, «ашық аспан асты мұражайы» ретінде археологиялық ескерткіштер тізіміне алынып, туристік нысан өз қызметін атқаруда.

Резюме

В статье рассматриваются мост между Востоком и Западом на Великом Шелковом пути – город Тараз, его средневековая история и археологическая архитектура культо-

вых сооружений расположенных в рабаде древнего Тараза. На протяжении ряда веков он являлся административным, хозяйственным и культурно-религиозным центром Таласской долины. В работе обобщен и проанализирован весь найденный артефакт в ходе раскопок 2006–2008 гг. и определена хронология.

Summary

This article contains new contributions which were received in archaeological researchers hold in the Medieval city of Taraz. This city played the role of the cultural bridge between the East and the West on the Great Silk road. Materials mostly based on medieval history and excavated historical architecture of a cult constructions, located in the historical area of the Ancient City of Taraz are considered. During few centuries the city of Taraz was administrative, economic, cultural and religious centre of Talas valley. In this work generalizes and analyses all found artifacts during excavations of 2006–2008 and the chronology of the monument is determined.